# AIBYN

*Республикалық әскери-патриоттық журнал*

№ 03 (205)
НАУРЫЗ 2025 ЖЫЛ












ҚАЗАҚСТАН
ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІ

# МАЗМҰНЫ:

САРБАЗ АНАЛАРЫ КОМИТЕТІНІҢ ӨКІЛЕТІН КЕҢЕЙТУ КӨЗДЕЛУДЕ ............... 6

КӨКТЕМ МЕРЕКЕСІНДЕ КӨҢІЛДІ КӨТЕРДІ .................... 8

ҚАЗАҚ ЕЛІНЕ МЫҢ АЛҒЫС!.... 14

«ЕРЛІККЕ – ТАҒЗЫМ, ҰРПАҚҚА – ҮЛГІ» .................. 16

МЕДБИКЕ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚАҺАРМАНДЫҚ ЕРЛІКТЕРІ .... 18

КУЗНИЦА ВРАЧЕБНЫХ КАДРОВ .............. 21

«НАШ САПЕР ВСЕГДА БЫЛ К МЕСТУ...» .............................. 26

НАУКА КАК ДВИГАТЕЛЬ ТЕХНОЛОГИЙ .......................... 29

ОТАНҒА ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН НӘЗІК ЖАНДАР ........................ 35

ШЫНАШАҚТАЙ ҚЫЗДЫҢ ШЫҚҚАН БИІГІ КӨП ............... 37

АРМАНЫ АСҚАҚ АРУ ҚЫЗ ................................. 39






















AYBIN

*Республикалық әскери-патриоттық журнал*

ШЫҒАРУШЫ РЕДАКТОРЛАР
Тимур Аубакиров
Ерлібай Қадырбай

ДИЗАЙНЕР
Мейрам Токжуманов

ТІЛШІЛЕР
Рима Әбеуова
Фархат Кинжитаев
Алуа Искакова
Нариман Дюсенов
Марат Жүніс-Бек

КОРРЕКТОРЛАР
Сымбат Нұрхайдарова
Наталья Варнавская

ФОТОТІЛШІ
Журналда Думан Құрманғалиевтің фотолары пайдаланылған

E-MAIL: info@sarbaz.kz

МЕНШІК ИЕСІ:
«Әскери ГАЖ Медиа» ЖШС Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Комсомол тұрғын алабы, Домалақ ана көшесі, 11 үй.
Тел. 8 (7172) 25-21-63

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің тапсырысы бойынша шығарылады

Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және авторларға қайтарылмайды.

Журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінде тіркеліп, 2015 жылғы 30-сәуірде №5341-Ж куәлігі берілген
Шығуы ай сайын. Бағасы еркін.
Таралымы 511 дана. Тапсырыс № 03

# ҚАДІРЛІ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРДІҢ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІ МЕН АЗАМАТТЫҚ ПЕРСОНАЛЫ! АЯУЛЫ ХАНЫМДАР!




**Сіздерді көктемнің шуақты мейрамы, сұлулық мерекесі – 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!**

**Бұл мереке – отбасының, қоғамның және Отан алдындағы сіздердің күнделікті еңбектеріңізді, күш-жігерлеріңізді және сүйіспеншіліктеріңізді айшықтайтын күн.**

Бүгінгі таңда Мемлекет басшысының салиқалы саясатының арқасында әйелдер еліміздің ғылыми, мәдени, білім беру және экономикалық өміріне белсене атсалысып жүр. Табысты ғалым, Парламент депутаты, дәрігер, педагог, кәсіпкер әйелдер – барша қазақстандықтарға, өсіп келе жатқан жаңа буынға да жарқын үлгі. Өмірдің барлық салаларындағы әйелдердің жетістіктері олардың ерлермен теңдей еңбек етіп, сонымен бірге еліміздің дамуына едәуір үлес қосып жүргендерінің дәлелі.

Саналы ғұмырын Отан қорғау жолына арнаған әйелдерге ерекше алғыс айтқым келеді. Сіздер антқа адал және ел қорғауға сенімді жауынгерсіздер, әскери қызметтің бар қиыншылықтарын ер азаматтармен бірдей алып жүрсіздер. Әскери саладағы мамандықтың алуан түрлілігі жұмысты тиімді атқаруға ықпал етеді. Әскери қызметтегі әйелдерді қолдау – әділеттілік қана емес, бізді қуатты әрі мықты болуға мүмкіндік беретін стратегиялық басымдық. Сіздердің батыл да адал еңбектеріңіз әрқашан жоғары бағаға лайық. Қазақстанның қорғаныс қабілетін нығайтудағы рөлдеріңіз жоғары.

Қарулы Күштер қызметінің барлық салаларын қолдау міндеттерін толық табысты орындайтын азаматтық персонал әйелдерге де алғыс айтамын. Сіздердің еңбектеріңіз елеулі. Әскердің тыныс-тіршілігін, еліміздің ашық аспан астында бейбіт әрі тұрақты өмір сүруін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарасыздар.

Қашанда жанынан табылатын, кез келген сынақта арқасүйер азаматтарын қолдайтын, еш қиындыққа мойымайтын және отбасының ұйытқысы болып, берекесін кіргізетін әскери қызметші әйелдердің еңбегі айтылу керек. Сіздер жаңа буынды жігерлендіріп, үлгі-өнеге көрсетесіздер!

Осындай көктемнің шуақты мерекесінде баршаңызға зор денсаулық, мол бақыт және отбасыларыңызға амандық тілеймін. Әрқашан көңілдеріңіз көктемдей жарқырап, өмірлеріңіз қуаныш пен шаттыққа толы болсын. Еліміздің қауіпсіздігі мен өркендеуіне қосқан ерен еңбектеріңіз үшін алғысым шексіз!

# УВАЖАЕМЫЕ ЖЕНЩИНЫ-ВОЕННОСЛУЖАЩИЕ И ГРАЖДАНСКИЙ ПЕРСОНАЛ ВООРУЖЕННЫХ СИЛ! ДОРОГИЕ ДАМЫ!

Примите от всего сердца искренние поздравления с прекрасным весенним праздником, праздником весны и красоты – Международным женским днем 8 Марта!

Этот праздник – день признания вашего труда, силы духа, терпения и любви, которые вы ежедневно отдаете своим семьям, обществу и Родине.

Благодаря взвешенной и целенаправленной политике Главы государства сегодня женщины активно участвуют в научной, культурной, образовательной и экономической жизни нашей страны. Успешные ученые, парламентарии, врачи, педагоги, предприниматели вдохновляют новое поколение казахстанок и служат ярким примером для всех нас. Достижения женщин на всех фронтах жизни служат подтверждением того, что они не только равны с мужчинами, но и вносят уникальный вклад в развитие нашего государства.

Особую благодарность хочу выразить женщинам, которые связали свою судьбу с армией. Вы – верные и надежные боевые подруги, стойко разделяете все тяготы и лишения воинской службы со своими мужьями. Разнообразие и инклюзивность в военной сфере способствуют повышению эффективности и результативности работы. Поддержка женщин в армии – это не просто вопрос справедливости, но и стратегический приоритет, который позволяет нам стать сильнее и устойчивее. Ваши мужество и преданность заслуживают высшей оценки, и ваша роль в укреплении обороноспособности Казахстана неоценима.

Благодарю также женщин гражданского персонала, которые, несмотря на свою мирную профессию, с полной отдачей выполняют задачи по поддержанию всех сфер деятельности Вооруженных Сил. Ваш труд важен, и вы играете важнейшую роль в жизни нашей армии, в обеспечении мирного и стабильного будущего нашей страны.

Не могу не отметить вклад жен военнослужащих, которые всегда рядом, поддерживают своих мужей в любых испытаниях, не боятся трудностей и поддерживают здоровую обстановку в семьях. Вы вдохновляете нас и служите примером для подрастающего поколения.

В этот особенный день желаю всем вам здоровья, счастья и благополучия. Пусть в ваших сердцах всегда царит весна, а в жизни – радость и успех. Благодарю вас за ваш труд и вклад в нашу общую безопасность и процветание.

**С уважением,**
**Министр обороны**
**Республики Казахстан**
**генерал-полковник**
**Р. ЖАКСЫЛЫКОВ**



# САРБАЗ АНАЛАРЫ КОМИТЕТІНІҢ ӨКІЛЕТІН КЕҢЕЙТУ КӨЗДЕЛУДЕ



**Қазақстан Қорғаныс министрі генерал-полковник Руслан Жақсылықов «Аналар жүрегі» сарбаз аналары комитеті» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрайымы Лилия Хайруллинамен кездесіп, ұйымның өкілеттігін кеңейтудің маңызды мәселелерін талқылады.**



Кездесу барысында қорғаныс ведомствосының басшысы жастар әскерге шақырылғаннан бастап запасқа шығарылғанға дейінгі қызметтің барлық кезеңінде қолдау көрсетіп келе жатқан ұйыммен бірлесіп жұмыс істеудің маңыздылығын атап өтті.

– Біз комитеттің өкілеттігін кеңейтуге дайынбыз, сондай-ақ ұйым өкілдерін шақыру науқанына белсенді қатысқанын қалаймыз. Сіздер үшін әскери бөлімдердің ғана емес, әскерге шақырылушылар мен олардың ата-аналарын хабардар ету үшін барлық әскерге шақыру пунктерінің есігі ашық болады, - деп атап өтті Қорғаныс министрі.

Лилия Хайруллина өз кезегінде әскерге шақыру процесін және әскери қызметшілермен өзара іс-қимылды жақсартуға бағытталған бірқатар ұсыныстарын жеткізді. Сонымен қатар армия мен қоғам арасындағы сенімді қалыптастырудың маңыздылығын да атап өтті.

– Қарулы Күштермен, басқа да әскерлермен және әскери құралымдармен арадағы өзара іс-қимылымыздың мақсаты – әскерді қоғамға барынша ашық ету, ата-аналардың сенімін қалыптастыру және мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің туындаған күрделі мәселелерін шешуге көмектесу.

Еліміздің барлық өңірінде тіркелген «Аналар жүрегі» ұйымы белсенді жұмыс істеп келеді. Ұйым сарбаздарға қолдау көрсетіп, олардың қызмет ету жағдайын тексеріп, әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз етеді.





# КӨКТЕМ МЕРЕКЕСІНДЕ КӨҢІЛДІ КӨТЕРДІ

**ҚР Қарулы Күштерінің Ұлттық әскери-патриоттық орталығында Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты іс-шара өтті.**

Концерт залына ер адамдармен тең дәрежеде оқу-жауынгерлік міндеттерді орындап, адал қызмет атқаратын әскери қызметші-әйелдер мен азаматтық персонал өкілдері жиналды. Олардың арасында десантшылар мен теңізшілер, барлаушылар мен мергендер, байланысшылар мен механиктер-жүргізушілер, әскери дәрігерлер мен тәрбиешілер, қаржыгерлер мен заңгерлер бар.

Қыз-келіншектерді мемлекеттік мерекемен құттықтаған Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – ҚР ҚК Бас штаб бастығы генерал-лейтенант Сұлтан Қамалетдинов әйелдердің қоғамдағы келісім мен тұрақтылықты нығайтуға қосқан баға жетпес үлесін атап өтті. Бүгінде Қарулы Күштер қатарында 9 мыңға жуық әйел қызмет етеді. Оның ішінде 32 полковник бар. Ал 11 әйел басшылық лауазымда қызмет атқарса, 60-ы түрлі мемлекеттік наградалармен марапатталған.

– 8 наурыз әйелдің қоғамдағы рөлін, оның сарқылмас энергиясын, даналығын, қамқорлығы мен күшін құрметтеу мен тануды білдіреді. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің отандастарымыз майданда соғысып, тылда еңбек етті. Олардың қатарында ержүрек пулеметші Мәншүк Мәметова, мерген Әлия Молдағұлова және аты аңызға айналған



ұшқыш Хиуаз Доспанова бар. Олардың ерлігі – бүгінгі әскери қызметшілерге өшпес өнеге, - деп атап өтті генерал-лейтенант Сұлтан Қамалетдинов.

8 наурыз күніне орай бірқатар әйел әскери қызметшілер мемлекеттік наградалармен марапатталды.

Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары генерал-лейтенант Сұлтан Қамалетдинов ҚР Ұлттық қорғаныс университеті оқу-әдістемелік басқармасының бөлім әдіскері Сара Базарбаеваға «Ерен еңбегі үшін» медалін табыс етті.

ҚР ҚК Бас әскери-медициналық басқармасы емдеу-алдын алу басқармасының аға офицері медицина қызметінің майоры Татьяна Грамлих «подполковник» әскери атағын мерзімінен бұрын алды.



Әскери-техникалық саясат департаментінің аға офицері подполковник Айнұр Әкімова, Геоақпараттық қамтамасыз ету департаментінің іс жүргізу бастығы аға лейтенант Индира Іргебаева, Тыл бастығы басқармасының аға маманы ефрейтор Динара Әлжанова, Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов атындағы әскери колледждің қаржы бөлімінің аға маманы Гүлмира Мұхтарова Қорғаныс министрінің грамотасымен марапатталды.





Салтанатты шара мерекелік концертпен аяқталды.

***

**Халықаралық әйелдер күніне орай Алматы гарнизонының әскери қызметшілері майдангерлер Ольга Андреевна Савенко мен Екатерина Александровна Барановаға барды.**

Бүгін нәзік жанды, қайсар рухты әйелдерге ерлігі мен жеңіске қосқан үлесі үшін құттықтаулар мен жылы лебіздер айтылды. Майдангерлерді Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтының бастығы генерал-майор Нұртас Қабақов, Алматы қаласы қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастығы полковник Талғат Өзехан және «Қарулы Күштердің ардагерлері» РҚБ Алматы филиалының төрағасы отставкадағы полковник Төлеген Мұстафин құттықтады. Оларға Қорғаныс министрінің атынан құттықтау хатын беріп, өздерінің атынан естелік сыйлықтар табыс етті.

Әскери оркестрдің сүйемелдеуімен соғыс жылдарындағы әндер шырқалды. Ардагерлер әскери қызметшілердің жылы тілектерін шын жүректен қуана қабылдады. Майдангерлер соғыс жайлы және соғыстан кейін өмір қалай басталғаны турасында естеліктерін әңгімелеп берді.

Ардагерлеріміздің өмір жолы – патриотизмнің бастауы, өсіп келе жатқан ұрпақ үшін батылдық пен табандылықтың үлгісі. Олар соғыстың ең ауыр сынақтарынан абыроймен өтті. Бүгінгі біздің міндетіміз – оларға қамқор болып, жанқияр еңбектері үшін алғысымызды білдіру және мәңгі жадымызда сақтау, - деп атап өтті әскери білім ордасының бастығы генерал-майор Нұртас Қабақов.



Осы жылдың маусым айында Екатерина Александровна Баранова ғасырлық мерейтойын атап өтеді. Ол Курск облысында дүниеге келген. Жасөспірім кезден-ақ адамдарға көмектесуге тырысты, сондықтан ол медициналық колледжге түсті. 1943 жылы әскер қатарына шақырылып, ауруханаға жіберіліп, онда жараланған сарбаздарды емдеді. Жеңісті Чехословакия жерінде қарсы алды. Соғыстан кейін күйеуімен бірге Алматыға көшіп келді. Көптеген жылдар бойы Екатерина Александровна науқастарға қамқорлық жасап, медбике болып жұмыс істеді.



Ольга Андреевна Савенко 9 мамырда Жеңіс күнін ғана емес, 102-ші туған күнін де атап өтеді. Ол 1923 жылы Алматыда дүниеге келген. 18 жасында Ленинград әскери байланыс училищесін бітіріп, бірден майданға аттанды. Бірінші Беларуссия майданында 109-шы жеке байланыс полкінің құрамында ол Берлинге дейін соғысқа қатысты. Соғыстан кейін туған жеріне оралып, 57 жылдан астам уақыт телеграфта жұмыс істеді. Зейнетке 73 жасында шықты.

Бүгінде Алматыда Ұлы Отан соғысының 24 ардагері, оның ішінде 6 майдангер әйел бар. Алматы гарнизонының әскери

қызметшілері оларға үнемі келіп, қолдап тұрады.

***

**Халықаралық әйелдер күнінде Қорғаныс министрлігі Тәрбие және идеологиялық жұмыстар департаментінің бастығы әділет полковнигі Тілеухан Басқожаев Бас әскери-клиникалық госпитальға барды.**

Әділет полковнигі Тілеухан Басқожаев Қорғаныс министрінің атынан дәрігер әйелдерге адал қызметі мен жанқиярлық еңбегі үшін алғыс айтты.



– Пациенттерге деген қамқорлық пен мейірімдеріңіз үшін сіздерге рахмет. Өйткені, кейде мұның көмегі дәрі-дәрмектен кем емес, - деп атап өтті ол.

Департамент бастығы медицина қызметкерлері мен пациенттерге құр қол келген жоқ. Ол ақ халатты абзал жандар мен емделушілерге гүл ұсынып, торт тарту етті.

– Әскери госпитальдың барлық дәрігерлері мен медицина қызметкерлеріне қиын әрі жауапты миссияны орындағаны үшін алғыс айтамыз, - деді Әскери госпиталь пациенті Әсем Оспанова.

Кардиоревматология бөлімшесінің бастығы медицина қызметінің майоры Аян Хайруллин мен гинекология бөлімшесінің бастығы медицина қызметінің подполковнигі Айнұр Нұғыманова әділет полковнигі Тілеухан Басқожаевқа ізгі тілектері үшін алғыс білдірді.






***

**«Нұрлы жол» теміржол вокзалы мен «Қазмедиа орталығы» телерадиокешенінде ҚР Қарулы Күштері Ұлттық әскери-патриоттық орталығы Орталық әскери оркестрінің концерттері өтті.**

Халықаралық әйелдер күніне арналған іс-шара жолаушыларды бейжай қалдырмады. Әскери қызметшілер әйелдерге шоколад пен көктемнің символы – қызғалдақ сыйлады.

– Елорданың халық көп жиналатын алаңдарында өнер көрсету жақсы дәстүрге



айналды. Бүгін біз 68665 әскери бөлімінің құрмет қарауыл ротасымен бірлесіп, әжелерімізді аналарымыз бен әпкелерімізді мерекемен құттықтадық. Дәстүр бойынша біз әскери-патриоттық әндерді, марштар мен көпшілікке танымал әуендерді орындадық. Барлық әйел-аналарға бақыт тілеймін, - деді Орталық әскери оркестрдің дирижері аға сержант Абзал Иманғалиев.

Тыңдаушылар Ұлттық әскери-патриоттық орталық шығармашылық ұжымының өнерін жылы қабылдады.

– Жұмыста жүріп мерекені ұмытып кетіп жатамыз. Бүгін әскери музыканттардың арқасында біз мерекелік





көңіл-күйді сезіне алдық. Әскери қызметшілердің музыкалық тартуы бізді шабыттандырып, жарқын эмоция сыйлады. Баршаңызға бейбітшілік, жақсылық пен амандық тілеймін, - деді «Хабар» агенттігінің Абай облысындағы меншікті тілшісі Ботагөз Дандыбаева.

Құрмет қарауыл ротасының әскери қызметшілері саптық дефиле орындап, жолаушыларды қимыл үйлесімділігімен таңғалдырды.

– Немерем екеуміз

Жезқазғанға бара жатырмыз. Міне, осындай керемет концертке куә болдық. Әскери қызметшілерге мерекелік көңіл-күй сыйлағаны үшін рахмет айтамын, - деді Сәуле Жанділдина.

Көрермендер музыканттар мен солистерге үлкен қошемет көрсетті. Ал музыканттар үшін жолаушылардың ризашылығы ең жақсы марапат болды.



***

**Астанандағы Ұлттық әскери-патриоттық орталығында 8 наурызға арналған салтанатты іс-шара аясында «Әскер аруы» әскери қызметші қыздар арасындағы фотобайқаудың жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті.**



Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Бас штаб бастығы генерал-лейтенант Сұлтан Қамалетдинов қыздарды Халықаралық әйелдер күнімен құттықтады.

Бұған дейін Instagram әлеуметтік желісінің ресми аккаунтында Қарулы Күштердің түрлерінен, әскер тектерінен, өңірлік қолбасшылықтардан, Қорғаныс министрлігі мен Бас штабтың құрылымдық бөлімшелерінен 36 қатысушының суреті орналастырылған болатын. Байқау нәтижесі оларды қолдау үшін берілген дауыс саны бойынша шығарылды.

Шымкент гарнизоны әскери полиция бөлімі штабының аға маманы қатардағы жауынгер Аружан Әбдібекқызы бас жүлдені иеленді.

30131 әскери бөлімі байланыс торабы бөлімшесінің аға маманы ефрейтор Назерке Пернебай бірінші орынға ие болды. Дауыс беру қорытындысына сәйкес, екінші орын ҚР Қарулы Күштері Парашют дайындығы орталығының аға маманы қатардағы жауынгер Аида Қасымоваға, үшінші орын АОСК Алматы филиалы Оқу-жаттығу кешенінің офицері капитан Зәмзәгүл Файзоллановаға берілді.

Өз мамандықтарын сәтті игеріп, кәсіби тануға қол жеткізген қыздар гүлге оранып, тәж киіп, марапат ленталары мен дипломдарды иеленді.



# ҚАЗАҚ ЕЛІНЕ МЫҢ АЛҒЫС!

**ПАНАСЫНА АЛДЫ**

Еліміз бұл мейрамды алғаш рет 2016 жылы атап өтті. Содан бері 1 наурызда жыл сайын барлық этностың бір-біріне мейірбандық танытып, өз туғанындай қабылдаған қазақтарға алғыс айту күні ретінде атап өту дәстүрге айналды. Оның Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күнімен сәйкес келуінің астарында терең мән бар.

Қазақ елі нәубет жылдары кімге құшағын ашпады десеңізші! Кешегі қилы заманда қазақ халқы тағдырдың жазуымен елге келген өзге этнос өкілдеріне кең құшағын жайып, бауырына тартты, бір үзім нанымен бөлісті. Столыпин реформасы кезінде елге тұтас этностар депортацияланды. Түрлі этнос өкілдерін вагондармен ашық далаға әкеп тастады. Онсыз да күнін әрең көріп отырған қазақ отбасылары оларды үйіне кіргізіп, қамқорлық танытты.

XX ғасырдың басында Қазақстанға Беларусь, Ресей және Украинадан 1,1 миллион адам қоныс аударды, ал 1930 жылдары ұжымдастыру барысында 250 мың шаруа жер аударылып, тағы 1,2 миллионға тарта адам өнеркәсіп нысандарын тұрғызуға келген. Олардың бәрі Қазақстанда орнығып, қиын кезеңдерді қазақ халқымен бірге еңсерді. Сондай-ақ екінші дүниежүзілік




соғыс кезінде Кеңес режимі батыс шекарадағы халықтарды «сатқындық жасауы мүмкін» деген жаламен күштеп көшіре бастады. Бұдан бөлек Қиыр Шығыстағы азғантай корей диаспорасын да айдауға салды. Осы кезде қазақ даласына түрлі ұлттарды жаппай күштеп көшіру басталды. 1946 жылы Кеңес одағында жер аударылған халықтардың жалпы саны 2,5 миллионға жеткен. Кейбір деректерде үш миллионға жуықтаған деп көрсетіледі. Ал осының ішінде Қазақстан аумағына жер аударылғандары 1 миллион 200 мың адам екен. Алайда құжаттарға сүйеніп, елімізге көшірілген халықтың нақты санын айту өте қиын. Себебі қоныс аударушыларды әр ай сайын қайта тіркеу, оның ішінде жаңадан қосылғандармен араластырып тіркеу, бір отбасын басқа жерге қайта көшіріп жіберу, туыстардың бөлініп кетуі, кейбір отбасының қайта қосылуы секілді жағдайлар өте көп кездесетін еді. Әр жылдары 800 мыңдай



неміс, 102 мың поляк, Солтүстік Кавказ халықтарының 550 мың өкілдері, Қиыр Шығыстан 18,5 мың корей отбасы жер аударып, көшіп келуге мәжбүр болған деген деректер бар. Жер аударылғандар қазақ даласында көбіне егін шаруашылығымен, мал өсірумен айналысты. Кейін барлық өнеркәсіп саласына атсалысты. Бұл өз кезегінде Қазақстан экономикасының дамуына мол үлес қосты.




### ҚҰТТЫ МЕКЕН БОЛДЫ

Кейін 1957 жылы күштеп жер аударылған халықтардың өз Отандарына қайтуына рұқсат берілді. Соған қарамастан, олардың көбі қазақ жерінде қалып қойды. Кавказ халықтары мен немістерге, түріктерге ғана өз жерлеріне қайтуға мүмкіндік берілмеді. Жер аударылғандар Сталиннің өлімінен кейінгі Хрущевтің «жылымығы» жылдарында жағдай түзеле бастады. Осы кезде күштеп қоныс аударылған халықтардың қазақ жерінде туып-өскен жаңа буыны өсіп, өркендеді, олар әр салада кәсіп етті. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін де Қазақстанды өз Отаны санайтын буын ел үшін қызмет етіп жатыр.

Қазір ресми дерек бойынша, Қазақстанда 130-дан астам ұлттар мен ұлыстар тұрады. Ұлттық статистика бюросының 2024 жылғы мәліметінше, Қазақстанда халық саны көп этностар қатарына орыстар, өзбектер, украиндер, ұйғырлар, немістер, татарлар, әзербайжандар, кәрістер, түріктер, дүңгендер, беларусьтер, тәжіктер, күрттер, қырғыздар, шешендер, т.б. жатады. Біздің елде мекендеп жатқан өзге ұлт өкілдері өзімізден кем өмір сүріп жатқан жоқ. Олардың мүддесі бір, тыныс-тіршілігі бір. Әр этностың өз әдет-ғұрпын, дәстүрін сақтауға мүмкіндіктер бар, Қандай да бір ұлт болсын, ұлыс болсын, елімізде мәдени-ошағының ашылуына, көркеюіне жол ашылған. Қиын-қыстау кезенде ғана емес, бүгінгі күні қазақ халқымен тең дәрежеде өмір сүріп жатқан олардың елімізге алғыстан басқа айтары жоқ. Бұл мереке осы адал ниеттен шыққан. Мысалы, елімізге жер аударылғандардың бірі – ұлты неміс, қаламгер Герольд Белгерді қазақ қоғамына таныстырып жатудың өзі артық. Сол кісі естелігінде: «Біздің отбасы қазақтар шоғыр тұратын ауылға тап болып, жанымыз қалды, әйтпегенде орыс селоларына барған немістердің көрген күнін ауызбен айтып жеткізе алмаймын» дегені бар.

Гераға Саратов облысы, Энглис қаласының немістер қоныстанған Поволжья өңірінде туған. Отан соғысы басталғанда ол ата-анасымен Қазақстанға жер аударылады. Герольд Бельгердің қазақ халқына деген құрметі жас кезінен қалыптасты. Мектепті бітіргеннен кейін Қарағандыға оқуға барады, бірақ қабылданбайды. Өйткені, жер аударылғандардың баласы. Келесі жылы Алматыдағы Қазақ ұлттық педогогика институтының есігін қағады. Бірақ сол баяғы «жер аударылғандардың баласы» деген қоңырауы сылдырлап соңынан қалмайды. Оған оқуға түсуге көмек қолын созған Мәлік Ғабдуллин еді. Өмірінің соңына дейін Гераға Мәлікті әкесіндей құрметтеді. Жалпы Герольд Бельгер қазақ халқын аса қадыр тұтқан. Сыншы, аудармашы, публицист, әдебиет зерттеуші және қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы Герольд Бельгер өмірден өткенге (2015) дейін «Қазақтың қуанышы – менің қуанышым, қазақтың тойы – менің тойым...» деп бар саналы ғұмырында қазақ халқына алғыс айтумен өтті.

Міне, Алғыс айту күнінің тарихы әріде жатыр. Көктемнің алғашқы күнімен қатар келген бұл күннің басты мазмұны қазақ еліне кезіндегі қолғабысы мен қайырымды ісі үшін алғыс айтуды білдіреді. Түрі, діні, тілі, мәдениеті, салт-дәстүрлері басқа этнос өкілдерін бөтенсімей, өгейсітпей көкірегіне басқан қазақтың шексіз мейірімі мен жүрегінің кеңдігін, қазақтың өзі де осындай ұлы нөпірдің арасында жоғалып кетпей сақтап қалған қасиетін де ерекше атап өту керек.

Бүгінде Алматы, Батыс Қазақстан, Жамбыл және Түркістан облыстарында «Қазақ еліне мың алғыс» атты монументтер бой көтерген. Бұл ескерткіштерді еліміздегі түрлі этностық топтар басына күн туған кезде бауырына басқан қазақтың жері мен еліне алғыс ретінде өз бастамаларымен тұрғызған болатын. Сонымен қатар елорда төрінде «Қазақ елі» монументінің де бой көтеруі қазақ ұлтының айналасына топтасу идеясын күшейте түсті.

**Рима ӘБЕУОВА**



# «ЕРЛІККЕ — ТАҒЗЫМ, ҰРПАҚҚА — ҮЛГІ»

**ҰЛЫ ЖЕҢІСТІҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫ ҚАРСАҢЫНДА КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЛАРЫ ӘЛИЯ МОЛДАҒҰЛОВА МЕН МӘНШҮК МӘМЕТОВАНЫҢ, ХАЛЫҚ ҚАҺАРМАНЫ ХИУАЗ ДОСПАНОВАНЫҢ, ШЫҢҒЫСТАУДЫҢ БАТЫР ҚЫЗЫ АТАНҒАН БАЯН БАЙҒОЖИНАНЫҢ ӨРЛІГІ МЕН ЕРЛІГІНЕ АРНАЛЫП СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ АРДАГЕРЛЕРІ МЕН ЖАСТАРЫНЫҢ ФОРУМЫ ӨТТІ.**



*Қазақстан 12 атқыштар, 4 кавалериялық дивизия мен 7 атқыштар бригадасын, сонымен қатар, 2 артиллериялық дивизион, 4 минометті дивизион, 3 авиациялық полк, 14 жеке батальонды қоса есептегенде, 50 жеке полкті майдан даласына жіберді. Екінші дүниежүзілік соғысқа шақырылған 1 млн 400 мыңнан астам қазақстандық жауынгер фашистік Германияға қарсы кескілескен шайқастың алдыңғы шебінде болды. Өз еркімен сұранып, қан мен өлім, қайғы мен мұңға толы әр күнді жанқиярлықпен өткізген қазақтың батыр қыздары туралы тарих жас ұрпақты батылдық пен ержүректілікке, қаһармандыққа шақыратын үндеу іспетті.*

*Мұрағат мәліметтеріне жүгінсек, одақ көлемі бойынша майдан шебінің әртүрлі кезеңдерінде соғысқа 600 мыңнан 1 миллионға дейін әйел қатысқан. Оның 80 мыңға жуығы офицер болған. Қазақ жерінен соғысқа 5183 қыз-келіншек аттанды. Ел басына түскен ауыр кезеңде нәзік жандылар әскери мамандықтарды тез меңгерді. Мәселен, соғыс жылдары комсомолдық-*



*жастар бөлімшелерінде өндірістен 222 мыңнан астам әйел үздіксіз даярлықтан өтті. Оның ішінде: 6097 минометші, 4522 станокты пулеметші, 7796 қол пулеметшісі, 15 290 атқыш автоматшы, 102 333 атқыш мерген, жол-эксплуатациялық бөліктердің 10 061 жауынгері, жергілікті атқыш бөлімдердің 25 445 жауынгері, 45 509 байланысшы оқытылды. Әскери істі тереңдетіп оқыту сигналды әскери училищелерде, қосалқы бөлімдерде, арнайы курстарда ұшқыштар, танкішілер, байланысшылар, барлаушылар мен саяси қызметкерлер дайындалды. Тағы бір тарихи деректерге қарағанда, мергендерді дайындау әйелдер орталық мектебінің түлектері Гитлер армиясының шамамен 12 мыңнан астам жауынгерінің көзін жойған. Ең көп мамандар медицина саласының қызметкерлері болды. Мыңдаған госпитальдағы дәрігерлердің 41%-ы, фельдшерлердің 43%-ы, медбикелердің түгелдей дерлігі әйелдерден құралды. Олар жаралыларға көмек көрсетіп қана қоймай, тыңшы болды, жаудан «тіл» әкелді, әскери техниканы басқарды. Әрқайсысы жеңісті жақындатуға бар күш-жігерін салды. Соғыстың әр жылдарында нәзік жандылардың 100 мыңнан астамы орден-медальдармен марапатталып, 91-і Кеңес Одағының Батыры атанды.*

## ОТАН ҮШІН ОТ КЕШКЕН БҰРЫМДЫЛАР

Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметованың





тағдыры ұқсас. Екеуі де жастайынан жетім өсті. Өз еріктерімен елді қорғауға сұранып, Мәншүк 20 жасында, Әлия 19 жасында ерлікпен қаза тапты. Екеуінің де сүйегі жат жердің топырағында жатыр. Совет Одағының Батыры атағы да екеуіне қаза тапқаннан кейін берілді.

Мергендер мектебін аяқтап, 22-ші әскердің 2-ші Балтық жағалауы майданы 54-ші атқыштар бригадасының 4-ші батальонының снайпері атанған Әлия Молдағұлова Холм түбіндегі шайқаста солдаттармен бірге жаудың траншеясына басып кіріп, бес немісті тұтқындаған. Қаңтардың қаһарлы аязындағы Насва станциясы үшін ұрысқа сиреп қалған қаруластарын алты мәрте бастап шыққан. Псков облысының Новосокольники ауданының маңында соңғы рет қаһармандыққа толы ерлік жасады. Ал, соғыс басталғанда Мәншүк Мәметова 2-курс студенті болатын. Әскери комиссариатқа әскерге жіберу туралы жазған өтінішіне бір жылдан соң ғана қол қойылып, 1942 жылы 13 тамызда Алматы қаласынан 100-ші атқыштар бригадасының құрамында соғысқа аттанды.



Бригада құрамындағы 4890 жауынгердің арасындағы екі қазақ қызының бірі Мәншүк болса, екіншісі Мәриям Сырлыбаева еді. Пулеметшілер батальонында Мәншүк бөлім командиріне дейін көтерілді. 1943 жылы қазан айының 7-сі күні Невель қаласының маңында орналасқан Изочка темір жол стансасын басып алу үшін ұрыста Мәншүк Мәметова жанқиярлықпен қаза тапты.

Әуеге 300 мәрте көтеріліп, жау басып алған аумаққа ұшып барған штурман, гвардия лейтенанты Хиуаз Доспанова – халқымыздың қайсар рухты қыздарының бірі.

Баян Байғожина Белоруссия, Польша, Литва жеріндегі сұрапыл шайқастарда ерен ерлігімен танылды. 24 фашистің көзін жойып, Жеңіске небәрі 12 күн қалғанда ғұмыры қыршынынан қиылды. «1945 жылдың 8 март күнгі №57 номерінде «Правда» газеті «Девушка из Чингиз-тау» деген мақала жариялады. Онда Баян туралы былай жазылған: ***«Девушка умело выбирала засады, терпеливо, как степной охотник, выжидала и высматривала врага, чутким ухом ловила каждый звук и шорох вокруг, пули ее не знали промаха. Скоро вся дивизия узнала о Баян. Из своих засад она убила девять гитлеровцев. Орден Славы был второй наградой, заслуженной уже на поле боя. Просторы Белоруссии, Литвы и Польши прошла в горячих боях девушка из Чингиз-тау».***

Баян Байғожинаны «Қазақстанның оқу ағарту ісінің үздігі», «Ыбырай Алтынсарин» медалінің иегері, «ҚР мәдениет саласының үздігі» Түгелжан Әзімжанова көп жылдар тынбай зерттеді. Абай ауданының Арқат ауылында «Баян Байғожина атындағы әдеби-рухани клуб» жұмысын 15 жыл жүргізген ұлағатты ұстаз жарғақ құлағы жастыққа тимей жүгіріп, Семейдегі №37 қазақ орта мектебінде Баян Байғожина атындағы әскери-патриоттық спорттық клубының ашылуына, қазақтың қайсар қызына көшенің берілуіне көп күш салды.





## ПАТРИОТТЫҚ ИДЕЯНЫ ҰЙЫТҚАН ФОРУМ

Форумның ашылуында еліміздің Әнұраны орындалған соң, қатысушылар екінші дүниежүзілік соғыстағы қазақстандықтардың қаһарман ерліктерін құрметпен еске алып, бір минут үнсіздікте тұрды. Жиынға тыл еңбеккерлері, Ауғанстан соғысында және өзге мемлекеттерде интернационалистік борышын өтеген жауынгерлер, ҚР Қарулы Күштерінің ардагерлері, Абай гарнизонындағы 30217, 28738, 11098, 44793, 44736 әскери бөлімдерінің мерзімді қызметтегі әскери қызметшілері, оқу орындарының студенттері мен мектеп оқушылары қатысты. Сахнада Шәкәрім атындағы мектеп-гимназиясы дайындаған қазақ елінің батыр қыздарына арнауы оқылды. Новобаженово ауылы Айткеш Ибраев атындағы орта мектептің 7-сынып оқушысы Сая Тұрысниязқызы А.Дементьевтің «Ана туралы балладасын» нақышына келтіре орындады. Семей қаласының әкімі Талғат Мұратов пен Семей қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Кенжебай Бердікенов құттықтау сөз сөйлеп, форумның маңыздылығы ардагерлер мен жастар арасындағы бірлескен патриоттық идеяны жүзеге асыру, әсіресе жастар тәрбиесі, олардың алдында тұрған Отанды қорғау міндеті мен жастарға жүктелген ел сенімін арттыру екенін баса айтты. Форумда алғаш рет 8 адамға «Семей қаласының құрметті азаматы» атағы берілді. Ұсынылған бейнефильм мен концерттік бағдарлама Ұлы Жеңістің 80 жылдығын жырлады.

**Алуа ИСКАКОВА**
Суреттерді түсірген автор

# МЕДБИКЕ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚАҺАРМАНДЫҚ ЕРЛІКТЕРІ

**ҚАЗІРГІ ӘСКЕРИ МЕДИЦИНА ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ДӘСТҮРЛІ МЕДИЦИНАСЫМЕН, ЯҒНИ, ҚАЗАҚ ЕМШІЛІГІ НЕМЕСЕ ҚАЗАҚ ШИПАГЕРЛІГІМЕН БАЙЛАНЫСТЫ. ӘЛЕМДІК ӨРКЕНИЕТТЕ ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ АЛҒАШҚЫ МӘЛІМЕТТЕР ШЫҒЫСТЫҢ, МЫСЫРДЫҢ, ҚЫТАЙДЫҢ, ГРЕКТІҢ, ТИБЕТТІҢ, ЯҒНИ, ГИППОКРАТ, АРИСТОТЕЛЬ, ИБН СИНА, КОРНЕЛИЙ ЦЕЛЬС, ӘЛ-ФАРАБИ СИЯҚТЫ ҒАЛЫМ-ФИЛОСОФТАРДЫҢ ЕЖЕЛГІ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫНДА КӨБІРЕК ҰШЫРАСАДЫ. ТАРИХИ ТАНЫММЕН ЗЕРДЕЛЕСЕК, ҚАЗАҚ ШИПАГЕРЛЕРІНІҢ ТАМЫРЫ ТЕРЕҢДЕ ЖАТЫР. ОЛ ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ АТА-ТЕГІН ҚҰРАЙТЫН САҚТАР, ҒҰНДАР, АЛАНДАР, ҚАҢЛЫЛАР, ҮЙСІНДЕРДЕН ЖӘНЕ ОДАН ДА ЕРТЕ ЗАМАННАН БАСТАУ АЛАДЫ. СОҒЫСТА ЖАРАЛАНҒАН САҚ САРБАЗДАРЫНЫҢ ЖАРАСЫН ТАҢАТЫН ЕМШІЛЕРДІ «ЖАРЫҚШЫ, ҚАРЫҚШЫ, ТАҢҒЫШЫ» ДЕП АТАҒАНЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРДЕ КЕЗДЕСЕДІ. АЛ, XY ҒАСЫРДА ӘЗ-ЖӘНІБЕК ХАННЫҢ БАС ДӘРІГЕРІ БОЛҒАН ҒҰЛАМА ШИПАГЕР ӨТЕЙБОЙДАҚ ТІЛЕУҚАБЫЛҰЛЫНЫҢ «ШИПАГЕРЛІК БАЯН» АТТЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ ӘСКЕРИ МЕДИЦИНАНЫҢ ТҮП КІТАБЫ ДЕУГЕ БОЛАДЫ.**



Әскери медицинаның XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басында өзіндік бастау алуы көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері, алғашқы әскери дәрігерлер – Санжар Асфендияров, Халел Досмұхамедұлы, Әли Көтібаров, қазақтың тұңғыш фельдшер-дәрігері Жәкула Күшікұлы сынды тұлғалардың ерен еңбектерімен тығыз байланысты. Бұл саланың әрі қарайғы қарыштап дамуы мен тәжірибе жинақтауы Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарындағы 2000-ға жуық қазақстандық әскери дәрігерлер мен мейірбикелердің жанкешті қызметтері, елімізге соғыс аймақтарынан көшірілген эвакогоспитальдердің келуімен астасады. Атап айтсақ, мемлекеттің облыстары мен аудандарына Кеңес Одағының соғыс





өрті шапшыған басқа аумақтарынан 34 100 төсек-орындық, 72 эвакогоспиталь көшіріліп, нәтижесінде 151 407 жарақаттанған офицерлер мен сарбаздар ем алып, оның 70 пайызға жуығы қайта сапқа тұрғызылған.

Ұлы Отан соғысына Қазақстанның барлық аймағынан адамдар майданға аттанып, әр өңір республика экономикасын әскери жағдайда дамытуға өзіндік үлестерін қосты. Бұл соғысқа Қазақстанның оңтүстік өңірінен 140 мыңнан астам адам қатысты, олардың жартысы майданнан оралмады. 52 жауынгер Кеңес Одағының батыры, сегіз жауынгер Даңқ орденінің толық кавалері атағын алды. Сондай-ақ, мыңдаған ардагерлер жауынгерлік ордендермен және медальдармен марапатталды.

Соғысқа ерлермен бірге әйел адамдар да қатысты. Отандық тарихнамада қазақстандық әйелдердің соғысқа қатысу мәселесі әлі де зерттеуді қажет етеді. Майдандағы күнделікті әскери өмір нәзік жандылардың мойнына ауыр жүк артты, бірі қару алып соғысса, бірі жаралы жауынгерлердің өмірін сақтап қалу үшін күресті. Қазақстан майданға медициналық қызметкерлерді жіберуде ауқымды рөл атқарады. Қазақ қыздары да соғыс ауырпалығын ер азаматтармен бірдей көтерді. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап майданға сұранып хат жазған қазақ қыздары көп болды. Мысалы, Қарағандының әскери комисариатында соғысқа сұранып өтініш жазған арулар саны 10 мыңнан асқан. Семей қаласы бойынша соғыстың алғашқы күндерінде 3 мың өтініш, ал Алматы қаласынан бір ғана Фрунзе ауданы бойынша 112 өтініш түскен. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша 1941 жылы 12 мыңдай арудан соғысқа бару туралы өтініш түсіпті. Қазақ арулары түрлі әскери құрамда болып, ерен ерлік көрсетті. Қолдарына қару алып, қан майданға аттанған 1942 жылы Қазақстанда құрылған 34-ші жеке әйелдер ротасының 300-ге тарта аруы Курск майданында шайқасқа қатысып, ерлік көрсетті.

Шымкент қаласының «Жеңіс» саябағы ішінде орналасқан «Шымкент қалалық музейлер бірлестігі» «Ерлік музейі» бөлімі қорындағы деректер мен құжаттар туралы айта кетсем.

Соғыстан кейінгі өмірі Шымкент қаласында өткен майдангер Новожилова Полина Ивановна майданға қалай аттанғаны туралы өз естеліктерінде былай дейді: «Мен 1941 жылы БАКСР Стерлитамак қаласындағы медучилищені тәмамдадым. Бірінші емтихан 1941 жылы 22 маусымында өтетін болып бекітілді, ал таңертең соғыс жарияланды. Адамдардың барлығы соғыстың басталғанын сондай үреймен қабылдап, отбасыларында талқылады. 23 маусымда Стерлитамак қаласында аудандық әскери комиссариатқа келу туралы шақырту қағазын алдым. Бірақ, осы уақытта еріктілер көп болғандықтан мені емтихан тапсыруға жіберді. Соғыс кезінде Давлеканово қаласындағы ауруханада медбике болып жұмыс жасадым. Кейін, 1943 жылдың 4 қыркүйегінде, мен шақырту қағазын алдым, онда: Әскери комиссариатқа келу, өзімен бірге ауыстыруға керекті ішкі киімдер, қасық, ыдыс және 3 күнге азық-түліктің болу керектігі туралы жазылған».

Соғыс басталған кезеңде кеңес әскері қатарына әйелдерді бірден шақыртқан жоқ. 1941 жылы 17 қыркүйекте МҚК «КСРО азаматтарын жалпыға бірдей міндетті әскери оқу туралы» қаулы қабылдады, онда 16 жастан 50 жасқа дейінгі ер азаматтарды өндірістен қол үзбей міндетті оқыту туралы айтылды. Әскери сабақтар 110 сағаттық бағдарлама бойынша жүргізілді. Онда азаматтарды әскери жаттығуларға, қару-жарақтарды қолдана білуге үйретті.

Алайда, майданда әскери мамандардың, оның ішінде медицина қызметкерлерінің жетіспеушілігі салдарынан әйелдерді де әскери іске тарту белсенді жүргізілді. Облыстардағы әскери комиссариаттар әскери мамандықтарға жоғарғы сынып оқушылары мен техникумдардың түлектері – қыздарды дайындауға ерекше көңіл бөлді. Соғысқа қатысқан әйелдер – майдангерлердің естеліктерінің көпшілігінде осындай әскери дайындықтан өткізілгендері жазылған.

Майдангер-әйелдердің естеліктерінен байқағанымыздай, жас қыздар болса да майдандағы қанды қырғыннан қорықпай, Отанға деген сүйіспеншілікпен өз еріктерімен сұранғандар көп болған. Олардың әрқайсының әскери өмір тарихы түрліше






болған. Олар өліммен бетпе-бет келген, қасындағы жолдастарының өлімін көрген, адам өлтіру мен қан көрген. Соған қарамастан, ерекше қаһармандықпен қолына қару алып, майдандағы күнделікті өмірдің қиындығын мойымай көтеріп, соғысқаны таңданарлық. Соның ішінде, соғыстағы медицина қызметкерлердің, санинструкторлар мен фельдшерлердің еңбектері ерекше, олар өз өмірін қауіпке тіге отырып, жаралы жауынгерлердің өмірін сақтауға тырысқан. Төбеде атылған оқ пен жердегі жарылған снарядтарға қарамастан, олар еңбектей жүріп, жаралыларды тасыған, жараларын таңған. Соғыс жылдары медицина қызметкерлерінің көп қаза табуы да сол себепті.

Оңтүстік Қазақстаннан соғысқа аттанған майдангер қыздардың арасында көрнекті тұлға, медицина қызметкері Рәзия Шакенқызы Ысқақованы атап өту қажет. Ол 1936 жылы Шымкент қаласындағы фельдшер-акушер мектебіне оқуға түсіп, 1939 жылы фельдшер атағын алып, Шымкент ауданының Қызыл жар ауылдық кеңесінің медпунктінде жұмысқа жіберілген. Соғыстың осы ауыр кезеңінде өз еркімен 1941 жылдың қыркүйек айында Кеңес Армиясының әскер қатарына қосылды. Рәзия Шакенқызы Ысқақова – әскери фельдшер. Сталинградтан бастап, Варшава, Прага қалаларын азат етуге және Берлинді алуға қатысқан. Халықаралық Қызыл Крест Комитетінің «Флорено Найтингейль» медалінің иегері.

Л.И.Тобағабылова медицина қызметкері, аға лейтенант 18-ші Инстербург атқыштар дивизиясының медбикесі болған.

С.Ф.Сертбаева – дәрігер. Ол соғыстан оралып, кейін «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген дәрігері» атанды.

Қазақстандық жауынгер әйелдердің де жеңіске қосқан үлесі өте зор болды. Олардың әрқайсының ерлігі, мерген, медициналық қызметкер, басқа да әскери қызметші болсын, жекелеген тарих болып жазылуға лайықты. Соғыс даласындағы мыңдаған ер адамдар үшін, олар өмірін сақтап қалушы ретінде үлкен рөл атқарған. Майдангер әйелдердің естеліктерінде жазылғандай, медбике әйелдер бірнеше түндер ұйқысыз операциялар жасап, күніне 300-1000 адамға дейін көмек көрсеткен. Жас дәрігер қыздар, медбикелер жаралылардың жарасын таңып, дәрі егіп қана қоймай, кезекшілікке тұрып, госпитальдардың мүлкін күзету, еденін жуу, басқа да ауыр қара жұмыстарды жасаған. Сонымен қатар, жаны қиналып, өлім аузында жатқан жаралыларға психологиялық көмек көрсетіп, өміріне араша түсуге тырысқан.

Ұлы Отан соғысы тарихының беттерін парақтаған адам жеңіс сағатын соқтыруға Қазақстанның қосқан үлесі телегей-теңіз екенін байқар еді. Осы бір аяқ астынан басталған әділетсіз арпалысқа Қазақстаннан 2 миллионға жуық түрлі ұлт өкілдері әскер қатарына шақырылды. Майдан даласынан 394 мың қазақ боздақтары майдан даласынан қайтпай қалды. Бұл соғыс қайғы-қасірет әкелмеген бірде-бір отбасы болмады. Бірінің әкесі, бірінің ағасы қаза тапты. Қаншама жас боздақтардың қыршын жасы қиылды.

«Елім» деп еңіреген, «ұлтым, халқым, Отаным» деп жанын аямаған ұлы тұлғаларымыз, келешек ұрпақтың, яғни, біздердің жадымызда мәңгілік қалатынына сенемін!

«Шымкент қалалық музейлер бірлестігі»

«Ерлік музейі» бөлімінің кіші ғылыми қызметкері Бердіқұлова Айгүл Садыққызы

**Әзірлеген**
**Марат ЖҮНІС-БЕК**

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

*1. М.Омарқұлова. «Соғыс жылдарындағы қазақ медицинасы». «Жәрдем». Республикалық қоғамдық-медициналық апталық газеті. 11 май. 2014ж. zhardem.kz/news/6244.*

*2. Шымкент қ. «Ерлік» музейі. КП№1ж., КП№1з.*

*3. ТГОА. – Ф. 537. – Оп. 14. – Д. 1. – Л. 1-8.*

*4.ТГОА. – Ф. 537. – Оп. 13. – Д. 1. – Л. 1-7.*

# КУЗНИЦА ВРАЧЕБНЫХ КАДРОВ

**ПОДГОТОВКА КВАЛИФИЦИРОВАННЫХ МЕДИЦИНСКИХ РАБОТНИКОВ ВСЕГДА БЫЛА ОДНИМ ИЗ ВАЖНЫХ ПРИОРИТЕТОВ В НАШЕЙ СТРАНЕ. ПО ОКОНЧАНИИ ВУЗОВ СПЕЦИАЛИСТЫ РАЗНОГО ПРОФИЛЯ СТАНОВИЛИСЬ ЧАСТЬЮ ОТЕЧЕСТВЕННОГО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ. В ЧИСЛЕ ТАКИХ МЕДИКОВ БЫЛИ И ТЕ, КТО ВСТУПАЛ В РЯДЫ ВООРУЖЕННЫХ СИЛ.**



26 октября 1964 года постановлением Совета Министров в Целинограде был открыт Государственный медицинский институт (ЦГМИ), который ныне носит название «Медицинский университет Астана». Сегодня данный вуз является одним из ведущих учебных заведений по подготовке медиков различного профиля.

13 июля 1965 года был издан приказ об открытии в институте военной кафедры, которая начала свою работу в 1967 году. Обучение на кафедре начиналось для студентов с третьего курса. Ее первым руководителем был назначен полковник медицинской службы, участник ВОВ Георгий Крошкин, под руководством которого формировался педагогический состав и материально-техническая база кафедры.

В этом году кафедра будет отмечать свое 60-летие. В честь этого события планируется проведение международной конференции с участием заслуженных ветеранов и зарубежных гостей.

Полковник медицинской службы в отставке Юрий Лавров был одним из первых студентов, обучавшихся на военной кафедре института. Он своими глазами видел ее состояние и как мог с другими студентами помогал формировать ее облик.

В 1966 году он по зову сердца поступил в Целиноградский государственный медицинский институт. На третьем курсе (1969 год) для него началось обучение на военной кафедре, которое было обязательным для всех студентов.

В те первые годы становления военной кафедры студенты и преподаватели своими руками создавали макеты и стенды для наглядной агитации. Многие преподаватели были участниками войны. Юрий Лавров и сегодня помнит каждого из них поименно.

В памяти нашего героя хорошо сохранился портрет первого руководителя кафедры, фронтовика Георгия Крошкина, который в самом начале войны досрочно сдал экзамены и отправился на фронт. По его словам, это был обычный человек, который хорошо и интересно вел занятия, иногда делясь со студентами примерами из своей боевой практики.

В ходе обучения на кафедре преподаватели рассказывали студентам о роли и преимуществах воинской службы. Помимо организации тактико-медицинской службы, студенты обучались азам военной подготовки, включая строевую подготовку, изучение Уставов. Все это сыграло свою роль в судьбе нашего героя, который выбрал специальность терапевта и посвятил свою жизнь медицинской службе в советской, а затем и в



казахстанской армии.

- На третьем курсе занятия проходили парами один раз в неделю. На четвертом курсе обучение велось циклами по 10-12 дней ежемесячно. В этот период мы не только получали теоретические знания, но и работали самостоятельно на самоподготовке в библиотеке, - вспоминает Юрий Лавров.

Обучение на военной кафедре длилось три года. По завершении подготовки после пятого курса студенты отправлялись в войска, где на протяжении месяца проходили военную стажировку, учились стрелять из автоматов и участвовали в полевых занятиях. По итогам сборов студенты сдавали экзамен, а по окончании института им присваивалось звание «лейтенант запаса медицинской службы».

- Обучение на военной кафедре послужило толчком к тому, чтобы связать свою жизнь с воинской службой. Преподаватели много рассказывали нам о возможностях, которые есть у военных. К примеру, воинская служба позволяла служить по всему Советскому Союзу и «смотреть мир», - отмечает полковник медицинской службы.

После четвертого курса наш герой решил продолжить изучать военную медицину и перевелся на военно-медицинский факультет Томского медицинского института. По окончании обучения он отправился на практику на Дальний Восток, где знакомился с реальной работой медиков.

Завершив обучение в Томске, наш герой был направлен служить в Польшу. Вначале он служил начальником медпункта танкового полка, а затем его перевели в отдельный разведывательный батальон. Как вспоминает Юрий Лавров, в этот период часто приходилось выезжать на полигоны и учения.

В 1977 году, пройдя специализацию по терапии, он вернулся в Казахстан, где и прослужил до выхода на заслуженный отдых. В первые годы молодой терапевт служил в медсанбате в Актогае, затем он был назначен начальником терапевтического отделения госпиталя г. Джамбул (ныне – Тараз).

Пройдя необходимую специализацию, Юрий Лавров продолжил службу в должности старшего ординатора Алматинского окружного госпиталя. До распада Советского Союза он служил ведущим терапевтом окружной военной поликлиники в Алматы.

В 1994 году он был назначен начальником отделения центральной военно-врачебной комиссии. Через два года наш герой написал рапорт о переводе в Акмолу по семейным обстоятельствам. В этом ему помог начальник главного военно-медицинского управления полковник Талгат Нурмагамбетов – сын первого министра обороны, Халық қаһарманы, генерала армии Сагадата Нурмагамбетова.

- В первые годы независимости приходилось решать множество проблем с кадрами. Свой вклад в решение этих и многих других проблем внес Талгат Нурмагамбетов. Благодаря его организаторским способностям и работоспособности нам удалось формировать новые





штаты, отправлять офицеров на учебу и налаживать новые связи, - вспоминает Юрий Лавров.

Талгат Нурмагамбетов, ставший впоследствии единственным в казахстанской истории генералом медицинской службы, – это особенный человек в жизни нашего героя. Вспоминая о нем, Юрий Лавров отмечает его хорошую память и требовательность к своим подчиненным. Однако в то же время он был человечным и понимающим руководителем, который способен понять своих сослуживцев.

В Акмоле Юрий Лавров исполнял обязанности председателя военно-врачебной комиссии областного военного комиссариата. В 1999 году полковник медицинской службы вышел в запас.

Уволившись из рядов Вооруженных Сил, наш герой продолжил трудиться заместителем директора «Республиканского центра специального медицинского обеспечения». Центр обеспечивал контроль над своевременным снабжением баз хранения медикаментов по всей республике. Работал ведущим экспертом в центральной военно-врачебной комиссии.

Сегодня полковник медицинской службы Юрий Лавров находится на заслуженном отдыхе, проводит время с внуками и занимается спортом.

**НА СТРАЖЕ ЗДОРОВЬЯ**

В числе тех, кто прошел обучение на военной кафедре Целиноградского государственного медицинского института, был ныне полковник медицинской службы Олег Беспалько. Благодаря старшим братьям с детства мальчик уяснил для себя понятия дисциплины и ответственности.

В школьные годы он со своими друзьями часто бегал в медицинский институт, где были спортивные площадки, а также загадочные «объекты» анатомии и лаборатории. Со временем у них появлялись друзья среди студентов. В медицинский институт шли некоторые его старшие товарищи. Все они с интересом рассказывали о своей учебе и будущей профессии. Поэтому наш герой принял для себя логичное решение поступить в Целиноградский государственный медицинский институт.

- Думаю, что мне невероятно повезло встретить на своем жизненном пути множество замечательных, умных и терпеливых преподавателей, среди которых были фронтовики, являющиеся для нас реальными





топливозаправщиков, БТР, МТЛБ и инженерной техники, саперов, разведчиков, артиллеристов, танкистов, снайперов и др.

Со временем удалось наладить эффективную схему медицинского обеспечения на учебных местах боевой подготовки и на учебных полях специального назначения.

На время главной учебно-боевой подготовки в двух местах полигона выставлялись две дежурные бригады: врачебно-эвакуационная и фельдшерско-эвакуационная. В круглосуточном режиме в медицинском пункте учебного Центра дежурила врачебно-фельдшерская бригада.

героями-победителями. Эти преподаватели старались передать нам знания. Они довольно рано допускали нас к дежурствам в стационаре, к работе в перевязочных и операционных. Невозможно было прийти «стерильным» к преподавателю, который на протезах перед тобой поднялся на четвертый этаж, чтобы проводить с нами занятия, - рассказывает Олег Беспалько.

Обучение на военной кафедре института в основном лежало в теоретической плоскости. Студенты обучались азам планирования и оценки обстановки. Моделировались ситуации боевой обстановки, изучались принципы организации медицинского обеспечения войск.

- Главное, как я считаю, именно общение с офицерами военной кафедры ЦГМИ полковником Кашиным, Головиным, майором Мучерским и другими преподавателями-фронтовиками моего института дало мне способность быстро оценивать ситуацию, владеть обстановкой, принимать решение, работать во взаимодействии с коллегами, быть готовым к осознанию и исправлению своих ошибок, - отмечает Олег Беспалько.

По окончании четвертого курса наш герой подал рапорт о переводе на Военно-медицинский факультет Томского медицинского института. В стенах института он проходил подготовку медицинских специалистов для Сухопутных войск. В 1982 году, окончив обучение, был направлен на службу в группу советских войск в Германии на должность бактериолога 21-й мотострелковой дивизии. Служил начальником медицинской службы ракетной бригады.

